

- 3 Давлетов С., Қудайбергенов С. Азыркы кыргыз тили: морфология. Фрунзе., 1980.
- 4 Кыргыз тилинин түшүндүрмө сөздүгү Т. И. Фрунзе: Мектеп, 1969. 622 с.
- 5 Тадыкин В. Причастия в алтайском языке /. - Горно-Алтайск : Горно-Алт. отд. Алт. кн. изд-ва, 1971 -169 с.
- 6 Хәзирги қарақалпақ әдеби тилинің грамматикасы. Сөз жасалыу хәм морфология. Нөкис: «Билим», 1994. - 452 б.
- 7 <https://tel.bashqort.com/short-grammar>
- 8 Дмитриев Н.К. (1948) Грамматика башкирского языка. Москва – Ленинград: Изд. АН СССР. - 276 с.
- 9 Юлдашев А.А. Грамматика современного башкирского литературного языка. Под редакцией д. ф. н. Юлдашева А. А. Издательство "Наука", М. - 1981.
- 10 Камал Ф. Хозирги замон узбек тили. Ташкент, 1957.
- 11 Yaman, Ertuğrul, Özbek Türkçesinde Edatlar, Gazi Kitabevi, Ankara, 2005.
- 12 Hazirqi zaman uйğur tili. Morfologiya vә sintaksis. II. - Алматы. «Ғылым», 1966. - 456 б.
- 13 Korkmaz Z. (2009) Türkiye Türkçesi Grameri. Ankara:Türk Dil Kurumu- 1224 s.
- 14 Түркмен дили педагогик училищелер үчин оқув китабы /П.Азымов,Г.Сопыев,
- 15 Я. Чөңнәев. Ашгабат, 1992 (ТД-92).
- 16 Türkmen Diliniñ Grammatikası-Morfologiya, Aşgabat,1999, s. 468.
- 17 Грамматика азербайджанского языка (фонетика, морфология и синтаксис). - Баку: Элм, 1971. - 415с.

References:

1. Aidarov Ğ., Qūryşjanov Ä., Tomanov M. Köne türki jazba eskertkişteriniñ tılı. Oqu qūraly. - Almaty: Mektep, 1971. - 272 b.
2. TEKİN, Talāt: Orhon Yazıtları: Ankara 2020, 6. Baskı, IV, 232 s.
3. Davletov S., Kudaibergenov S. Azyrky kyrgyz tili: morfologia. Frunze., 1980.
4. Kyrgyz tilinin түшүндүрмө сөздүгү Т. И. Фрунзе: Мектеп, 1969. 622 с.
5. Tadykin V. Prichastia v altaiskom iazyke /. - Gorno-Altaysk : Gorno-Alt. otd. Alt. kn. izd-va, 1971 -169 s.
6. Häzirgi qaraqalpaq әdebi tiliniñ gramatikasy. Söz jasalyu häm morfologia. Nökis: «Bilim», 1994. - 452 b.
7. <https://tel.bashqort.com/short-grammar> 8
8. Dmitriev N.K. (1948) Gramatika başkirskogo iazyka. Moskva – Leningrad: İzd. AN SSSR. - 276 s.
9. İuldaşev A.A. Gramatika sovremennogo başkirskogo literaturnogo iazyka. Pod redaksiei d. f. n. İuldaşeva A. A. İzdatelstvo "Nauka", M. - 1981.
10. Kamal F. Hozirgi zamon uzbek tili. Taşkent, 1957.
11. Yaman, Ertuğrul, Özbek Türkçesinde Edatlar, Gazi Kitabevi, Ankara, 2005.
12. Hazirqi zaman uйğur tili. Morfologia vә sintaksis. II. - Almaty. «Ĝylym», 1966. - 456 b.
13. Korkmaz Z. (2009) Türkiye Türkçesi Grameri. Ankara:Türk Dil Kurumu- 1224 s.
14. Türkmen dili pedagogik uchilişeler üchin okuv kitaby /P.Azymov,G.Sopyev,
15. İa. Chöññäev. Aşgabat, 1992 (TD-92).
16. Türkmen Diliniñ Grammatikası-Morfologiya, Aşgabat,1999, s. 468.
17. Gramatika azerbajjanskogo iazyka (fonetika, morfologia i sintaksis). - Baku: Elm, 1971. - 415s.

МРНТИ 16.23

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.17>

Ильясова Н.А.,¹ Раева Г.М.²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІНДЕГІ «ҚАЗАҚ» СӨЗІНІҢ ТЕРМИНДІК КӨРІНІСІ

Аңдатпа

Мақалада «қазақ» сөзіне лингвистикалық аспектіде талдау жасалып, екі түрлі терминдік мәнде жұмсалатыны анықталады. «Қазақ» атауы ІХ-Х ғасырда болғанын дәлелдейтін тілдік деректер мен тұжырымдар көрсетіліп, «қазақ» сөзі тілі, өнері, мәдениеті, әскери күші қалыптасқан, мықты мемлекет құруға арқау болған этникалық термин ретінде орныққаны көрсетіледі. «Қазақ» сөзінің түптамыры Үйсін, Ғұн, Түркі сөздерінің семантикасымен сабақтас екені анықталады. Бұл көне және орта түркі жазба ескерткіштер тілі негізінде дәлелденеді. Қазақ сөзіне қатысты зерттеулер мен тарихи деректерге сүйеніп, қазақ халқына тән ерекшеліктерге мән беріледі. Сонымен қатар, «қазақ» сөзі ұлттық болмысты көрсететін термин ретінде танылады. Ұлттың болмысы тілінде сақталатыны дәлелденіп, қазақ ұлтының болмысын көрсететін тілдік деректерге талдау жасалады.

Түйін сөздер: этноним, тас жазуы, үнем заңы, фонема, Қазақ хандығы

Ilyassova N.,¹ Raeva G.²

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University after Abay,
Almat, Kazakhstan

TERMINOLOGICAL MEANING OF THE WORD "KAZAKH" IN THE LANGUAGE OF WRITTEN MONUMENTS

Abstract

The article analyzes the word "Kazakh" from a linguistic point of view and finds out that it is used in two different terms. Linguistic facts and finds prove that the name "Kazakh" appears by the 9th-10th centuries, and the word "Kazakh" is established as an ethnic term that has shaped language, art, culture, military power, the basis for building a strong state. The root of the word "Kazakh" is associated with the semantics of the words Uisin, Khun, Turkic. This is confirmed on the basis of the language of ancient and medieval Turkic inscriptions. On the basis of research and historical data related to the origin of the word "Kazakh", attention is drawn to the features characteristic of the Kazakh people. In addition, the word "Kazakh" is recognized as a term reflecting nationality. It is proved that the essence of the nation is preserved in the language, the analysis of linguistic data reflecting the essence of the Kazakh nation is carried out.

Keywords: ethnonym, stone writing, law of economy, phoneme

Ильясова Н.А.,¹ Раева Г.М.²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ СЛОВА «КАЗАХ» В ЯЗЫКЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ

Аннотация

В статье анализируется слово «казах» с лингвистической точки зрения и выясняется, что оно используется в двух разных терминах. Лингвистические факты и находки доказывают, что название «казах» появляется к IX-X векам, а слово «казах» установлено как этнический термин, сформировавший язык, искусство, культуру, военную мощь, основу построения сильного государства. Корень слова «казах» связан с семантикой слов Уйсин, Хун, тюркский. Это подтверждается на основе языка древних и средневековых тюркских надписей. На основе исследований и исторических данных, связанных с происхождением слова «казах», обращено внимание на характерные для казахского народа особенности. Кроме того, слово «казах» признано термином, отражающим национальную принадлежность. Доказано, что в языке сохраняется сущность нации, проведен анализ лингвистических данных, отражающих сущность казахской нации.

Ключевые слова: этноним, каменная письменность, закон экономии, фонема

Кіріспе. Жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын қазақ жерінің тұрғылықты халқы қай кезде де саяси органның назарында болары хақ. Осыншама кең байтақ жерде мекендеп, оны күні бүгінге дейін сақтап қалған халықтың өткені мен болашағын зерделеу ғылыми тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да аса маңызды мәселелер қатарына жатады. Ғылыми тұрғыдан қарастырғанда, «қазақ» сөзінің астарында терең тарих, терең ұғым, терең мағына жатқанына көз жеткізуге болады. Саяси жағына мән берсек, патша үкіметінің іс-қағаздарында үш жүз жыл бойы «қазақ» сөзі «қырғыз», «қырғыз-қайсақ» атауымен аталып, жаңсақ этноним ретінде жұмсалғаны белгілі. Саясаттың құрбаны болған «қазақ» сөзінің мәні мен мағынасын, тарих сахнасында алатын орнын, болмыс-бітімін нақты тілдік деректер арқылы айқындау бүгінгі күні аса қажет. Этностық деңгейден өтіп, ұлттық, мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ халқы үшін «қазақ» сөзінің болмыс-бітімін таныта түсу басты міндет. Халқын, елін, жерін, ұлтын сүйетін әрбір қазақ азаматы «қазақ» сөзінің зерттелуін, оның мәні мен мағынасын, статусын ажырату үшін ғылыми тұжырымдар жасаудың маңызы зор.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақаланың зерттелуіне «қазақ» сөзіне қатысты тілдік деректер арқау болады. Мақалада тарихи зерттеу әдісі, фонематикалық талдау әдісі, семантикалық зерттеу әдісі қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. 1832 жылы А.Левшин «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ даласы мен ордасының сипаттамасы» атты еңбегінде «қазақ» сөзін алғаш рет қолданып, халқымыздың байырғы есімін жаңғыртқаны баршаға аян. «Қазақ тарихының Герродоты» аталған А.Левшин – қазақтың ешкімге ұқсамайтын мәдениеті, тілі, өнері бар халық екенін дәлелдеген және бұл көне заманнан келе жатқан халық екенін әлемге жариялаған ғалым.

1885 жылы А.Вамбири «Түркі халықтарының этнологиясы мен этнографиясы» атты неміс тілінде жазылған еңбегінде «қазақ» есімі IX-X ғасырда болғанын «Қазақ хандығы деген ел Көк теңіздің (Арал теңізі) солтүстігін мекендеп отырған күшті, әрі көп санды жұрт Тұранның қастасы Иранды қорқытпақ болады» деген тарихи дерекпен дәлелдеп көрсетеді. Фердаусидің «Шахнамә» атты шығармасында да «қазақ» есімі осы оқиғамен байланысты аталатыны айтылып келеді.

Өзіне тән мәдениеті, тілі, өнері бар халықтың артында тарихи мұралардың қалуы – заңды құбылыс. Сондай мұралар қатарына қазаққа тән жазулардың бірі «таңбалы тас» ескерткіштерін жатқызуға болады. Ө.Марғұланның айтуы бойынша, «таңбалы тас» жазуы ғасырлар бойы Қазақстан өлкесін қоныстанған мыңдаған тайпалардың тасқа жазып жүрген деректері, елбасқарушылардың қол қойған аттары, ұрандар, тасқа қиып түсірген әдемі өрнектер т.б. Оған адамдар әрқашан бас иіп, тасқа таңбасын түсіріп, аттарын жазып жүрген.

Ө.Х.Марғұланның «Тасқа жазылған қазақ сөздерін біріктіріп, жеке кітап етіп шығарса, қазақты білмейтіндер өзіне-өзі таң қалып жүрер еді» деген сөзінен-ақ, тас жазуы қазақ этносымен тікелей байланысты екенін көруге болады. Таңбалы тастағы жазулар бүлінбей тұрғанда толық жазып алған ғалымдар А.Н.Шренк пен Х.Бекхожин бұл тасты «тарихтың зор куәсі» деп атаған. Таста: «Қыпшақ, Найман, Алшын, Арғын, Қаракесек, Үйсін тобын илахи қар рәсиге хамиша хайа рахмет қыл сен алтауын» делінген екен. Яғни «О, ием үмітіңе жету үшін осы алтауына рахымыңды бере көр» деген тілек.

Алматы облысы, Кеген ауданы, Қарқара өзенінің солтүстік шығысында біздің заманнан бес-алты ғасыр бұрын жазылған тас табылып, онда «Қаған алты түрік Алаша өрті» деп жазылған деген деректі басшылыққа алсақ, Алты Алаш атанған қазақ халқының тарихи түптамырын көне түркілік ескерткіштермен байланыстыра қарастыруға болады.

Көне ескерткіштер тілін зерттеу барысында анықталған тарихи факторларға сүйенсек, алты алаштың бірі «Үйсін» сөзі Ү ғасырдан бастап қолданылып келеді. Ғалым Ғ.Мұсабаевтың түсіндіруінде «Үйсін» сөзі *уй* және *сін* (шен) деген екі сөзден құралып, мағынасы *ру*, *тайпалардың жиналған жері*, *мемлекеті* дегенді білдіреді. Көне түркі тілінде *й* дыбысының орнына *э* дыбысы қолданылады. Сонда *уй* сөзі *уэ* болып шығады. Қытай иероглифін оқыған Г.Ю.Клапорт, Н.Я.Бичурин, В.Кюннер сияқты ғалымдар қытайдың көне иероглифті көне түркі тіліне қатты өзгеріс әкелгенін *уй* сөзі *хэу* түрінде жазылғанын, сондықтан көне түркі тілінде *еу* болып қолданылғанын айтады [1,73]. Халқымыздың көне тарихын зерттеуші Қойшығара Салғараұлының «Хунну – қытай сөзі, «жауыз құл» немесе «кекшіл құл» деген мағына береді. Бұл көне қытайлықтардың өздері «ху» деп атаған далалықтардың ішінде түркі тілдес халықтарға берген атауы... қазір бізден басқаның бәрі тіл ерекшелігіне қарай өзгерткені болмаса, хунну атауын сол қытайлық мағынасында «хунны», «гунны» деп алып жүр. Ал біздің тарихшыларымыз осы хуннудың алғашқы буыны моңғолдың «кісі деген мағына беретін «ғұн» сөзіне ұқсайды екен деп бұл халықтың атауы тарихта «ғұн» деп кіргізіп жіберді. Сөйтіп халықтық атау болып ғылымда орнықты. Бірақ қас қылғандай көп ұзамай одақтық ғалымдар әлгі *хунну* атауын білдіретін қытай иероглифін енді бұрынғыша «хунну» деп емес, «сюнну» деп оқып жүр. Енді қайттік? Мұның алғашқы буынын, яғни «сюн»-ді қазақтың, не моңғолдың қай сөзіне ұқсатамыз» деген сауал тастайды [2, 10]. Тарих сахнасында ғұндар мен үйсіндердің қатар өмір сүргенін, ғұндарды жеңу үшін қытайлықтар үйсіндерге қыз беріп құдаласып, одақтас болғанын ескерсек, *Хунну* мен *ху* бір сөз болмауы мүмкін.

Ғ.Салғараұлының сауалын Ғ.Мұсабаевтың «үйсін» сөзі *уй* және *сін* (шен) деген екі сөзден құралған атау деген тұжырымымен байланыстырсақ, «сюн» қазақтың «*сің*» сөзінің қытай тіліне икемделген варианты деп тануға болады. Сонда көне қытай тіліндегі *Хэу*, оның ықпалымен көне түркі тілінде *еу* болып айтылған *уй* сөзінің мағыналық жігі –у фонемасында жатыр. Фонема сөздің мағыналық жігін ажыратушы тілдің ең кішкене бөлшегі болса, сөзде осы бөлшек сақталып, *хэу* сөзіндегі *хэ* немесе *еу* сөзіндегі *е*, бөлшектері лингвистикадағы үнем заңы бойынша ықшамдалып кеткен деп тұжырымдауға болады. Сөздің мағыналық жігін ажыратушы фонема үнем заңына түскенде сөздің соңғы буынына ауысуы қазақ тіліне тән заңдылықтардың бірі. Мысалы, *дауыс – даусы*. Сонда «сюнну» сөзіндегі *сюнн* қазақтың *сің* сөзі, *у* бөлшегі *хэу* сөзіндегі *уй* сөзінің мағыналық жігін ажыратушы фонема болғандықтан доминант ретінде жұмсалып, *сюнн* сөзімен кірігу процесіне түскен. Нәтижесінде *ру*, тайпалардың жиналған жеріне, мемлекетіне тұрақтау, *сін*у деген мағынаны білдіретін «сюнну» сөзі «үйсін» сөзінің қытай тіліне икемделген түрі деген болжам жасауға болады.

Үйсін «сөзі ең күрделі, көп сөзден құралған *Хур-Хара усу* (*қара-қара су*) атауымен байланыстырыла қарастырылады. Бұл Кеген өзеніне құятын Қарқара өзені. Қытай жылнамасында біздің жыл санауымыздан III ғасыр бұрын біздің заманымыздың X ғасырына дейін бұл жерді үйсін елі мекендеген деп түсіндірілетіні белгілі.

Тарихшы ғалымдардың пікіріне сүйенсек, Үйсін елі – ішкі-сыртқы жауларымен арпалыса жүріп, баяғы көптілігін жоғалтып, тобын азаптаса да, негізгі қаңқасын сақтап қалған түркі тілді халық. Ғұн мемлекеті әлсіреп біздің заманымыздың I-IV ғасырында бытырап, олардың орнына Тухой (түркі) деген атпен халық қайта бас қосқан. Ол кейін екіге бөлініп Батыс Түркілер және Шығыс түркілер деген атпен тарихта қалып, кейін Жетісу түркілері болды.

Түркі қағанаты Ү ғасырдан бастап IX ғасырдың аяғына дейін созылады. Бұдан аз бұрын IV ғасырда «Оғыз нама» (Оғыз хан поэмасы) Үйсін тілінде дастан болып жазылған деген дерек бар. Ү-VIII ғасырлардағы Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Мойын-Шор ескерткіштеріндегі хандар (Бумын, Естелі т.б.) тарихта болған адамдар екені, олар Жетісу түркілеріне хандық құрғаны анықталса, ондағы әскербасылар, кеңесшілер сол дәуірдегі беделді адамдар болған. Тас жазуы – соларға арналған тарихи ескерткіштер. Оған Н.Я.Бичуриннің түркілердің салт-дәстүрін айта келіп, «өлген адамның моласын сағана сарай етіп, оның ішіне марқұмның суретін салып, істеген ісін жазып қоятын болған» деген пікірі дәлел [3, 230].

Көне ескерткіштер тілін зерттеу барысында анықталған лингвистикалық факторларға сүйенсек, Үйсін ұлысы – түркі тілді халық. Олар қолданған *ай*, *айақ*, *қыстақ*, *тарпаң* (*түз жылқысы*), *құллан*, *есақ*, (*ауыл*), *бұдын* (*ел*), *жошы*, *Нарын гол*, *Долосы* (*Талас*), *Ақсай*, *Ақтирик сай*, *бұлақ*, *қара темір*, *арғымақ*, *чаян*, *жау*, *ярақ* т.б. сияқты сөздердің Орхон жазуында кездесуі оның қазіргі қазақ тілімен сәйкес келуі, *сарығ* – *сары*, *улығ* – *ұлы*, *кішіг* – *кіші*, *арығ* – *ару*,

иадағ – жаяу, тонлығ – тондық, құллығ – құлдық, аулу – ауыл т.б. сияқты сөздердің қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарымен сәйкестенуі қазақ халқының түпқазығы үйсін ұлысы екенін көрсетеді.

Тіл тарихы жайында тың деректер қалдырған, белгілі түркітанушы ғалым Әбжан Құрышжанұлы «XIII ғасырдың қолжазбасы және ондағы «қазақ» деген сөздің мағынасы» атты мақаласында сол дәуірде қыпшақ тілін оқып үйрену үшін араб тілінде жазылған «Түрікше-арабша сөздік» атты еңбектің болғанын және оның басты-басты төрт бөлімнен құралғанын айтады. Бірінші бөлім лексикалық мағынасына қарай жіктелген зат есім сөздерге, екінші бөлім етістік сөздерге, үшінші бөлім етістіктің жіктелуіне, төртінші бөлім грамматикалық қосымшаларға арналғанын айта келе, осы жазбаның 24-25 беттерінде *қазақ* сөзінің кездесетінін және оның араб тілінде *алмужаррадун* деген сөзбен аударылғанын бұл сөздің «сыбайы салтаң», «салт басты», «жеке басты» немесе «оқшау жүретін адам» деген мағынаны білдіру үшін жұмсалатынын көрсетеді. Ғалым «*Қазақ*» деген сөздің дәл осы бөлімде, яғни, адамның әр алуан қасиеттерін білдіретін сөздердің ішінде берілуі оның кісіге тән белгілі ерекшелікті көрсетуі үшін қолданылатынын дәлелдейді. Ал *еркін*, *бошадақ* сөздерімен қатар келуі оның мағыналық жағынан өзіндік үйлесім табатын варианттарын көрсетеді. Жеке-дара жүретін кісі, не сол кездегі кең даланы ен жайлап, еркін көшіп жүретін ауылды (мүмкін ру мен тайпаларды да) қыпшақтар (не сол қыпшақ одағына кірген басқа түркі халықтар да) «қазақ» деп атаса керек. Қалай болған күнде де, бұл айтылған тарихи деректерге байланысты мынадай екі түрлі қорытындыға келуге болатын сияқты: біріншіден, «қазақ» деген сөз – көне қыпшақ тілінен алынған сөз; екіншіден – бұл сөз о баста дәлірек айтқанда, XII ғасырдың ортасында этникалық термин (ру не тайпаның аты) есебінде емес әдеттегі жай сөздер қатарында қолданылған. Осыған орай, тағы бір ескерте кететін жағдай «Қазақ» сөзінің этимологиясын зерттеуші ғалымдардың (Мысалы, В.Вамбири, Г.И.Рамстед, Н.И.Веселовский, В.В.Вельмянов-Зернов, А.Н.Бернштам, В.В.Радлов, А.Н.Смайлович, И.И.Крафт, А.П.Чулошников Х.М.Әділгереев, М.Б.Ақынжанов, В.Ф.Шахматов, С.В.Юшков, С.К.Ибрагимов т.б.) бұл сөз о баста «еркін», «басы бос», «кезбе кісі» деген ұғымда жұмсалған» деп оның лексикалық мағынасы туралы ойлары бір жерден шығып жүр» - дейді [4, 102-103].

«Қазақ» сөзінің терминдік мәнге болуын екі жолмен түсіндіруге болады. Біріншіден, «кең далада көшіп-қонып жүретін еркін халық» мағынасында жұмсалатын этникалық термин; екіншіден, ғасырлар бойында тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі жағынан өзіндік ерекшелігін танытатын ғылыми термин. Оған атақты түркітанушы С.Е.Маловтың «қазіргі қазақ тілінің басқа түркі тілдерінен гөрі көзге түсіп тұратын алабөтен бір ерекшелігі бар» деген тұжырымы дәлел. Ғалым осыдан жеті ғасыр бұрын жазылған тарихи жазба ескерткіштің тілінде қазіргі қазақ тілінде кездесетін сөздердің бар екенін айтып, оны «бір қызықты жайт» деп атап көрсеткен [5, 98]. Басқа түркі тілдерінде з дыбысымен айтылатын *сөзле* сөзі қазіргі қазақ тілінде *й* дыбысымен айтылса, «Түрікше-арабша» сөздікте бұл сөздің *сөзле* – *сөйле* түрінде екі түрлі варианты да көрсетілген. Аталған сөздік қазақтың кейбір тарихи мәселелерін зерттеу ісіне үлкен үлес қосатынын айта келіп, ғалым былай дейді: «Түркі тілдері жөнінде осы күні қолданылып жүрген классификацияда қазақ тілі «*г*» дыбысы айтылмай түсіп қалатын тілдердің қатарына жатады. Мысалы, *бұғдай* емес *бидай*, *тегірмен* емес *тиірмен* (диірмен), *ігіне* емес *ине* т.т. сөз болып отырған ескерткіште бұл екі форманың екеуі де кездеседі: *бугдай* - *будай*, *ігіне-ине*. Кейбір сөздер тек қана *ғ* дыбысы түсіріліп айтылатын формада көрсетілген: *тиірмен*, *киіз*. Басқа түркі тілдерінде қолданылатын *ч* дыбысының орнына қазақ тілінде *ш* дыбысы айтылады. Мысалы, *елчі* емес *елші*, *қобызчы* емес *қобызшы*, *бақырчы* емес *бақыршы* т.б. жоғарыда көрсетілген нұсқада *елчі*, *қобызчы*, *бақырчы* тұлғаларымен қатар *бақырчы* – *бақыршы*, *чері-шері(әскер)* деген формалар жарыса қолданылатын болған» [4, 103].

Ғалымның тұжырымын саралай келе, жазба ескерткіштер тілінің қазіргі тіліміздегі бірқатар сөздердің жасалу жолдарын айқындауға тигізер пайдасы зор екенін көреміз. Сонымен бірге қазақ тілінің көне дәуірден өмір сүріп келе жатқанын дәлелдеуге болады. Ғалым: «*бүйі*, *ишкі* деген сөздер осы ескерткіш тілінде кездесетін *бүй*, *чик* деген өлі түбірден жасалып тұрғандығын біз ескерткіш тілінде кездесетін *бүй*, *чик* деген сөздерден көреміз. Мұндағы «*і*» әрдайым айтыла беретін *базары*, *қалмақы*, *тозақы* деген тірі түбірдің құрамындағы өнімсіз жұрнақ. Қазақ тіліндегі *алқызыл* сөзінің алғашқы буыны жеке тұрып қолданылмайтын болса, ол көне қыпшақ тілінде жеке тұрып-ақ жұмсала беретін дербес сөз. Ол «қызыл» деген мағына беретін болған. Сонда бір ұғымды білдіретін екі сөздің (ал мен қызыл) бір сөз болып бірігуі бұл нұсқаның жазылу кезеңінен гөрі әлдеқайда берірек дәуірде барып қалыптасса керек. *Шалқасқа* деген сөз туралы да осыны айтуға болады. *Чал* сөзі ескерткіш тілінде «сұр», «сұрғылт» түсті білдіреді. Қазіргі қазақ тіліндегі *әлді-жетті*, *көйлек-көңшек* сияқты қос сөздердің екінші сыңары жеке тұрып қолданылмайтын болса, ол сөздер ескерткіш тілінде жеке-дара күйінде-ақ жұмсала беретін болған: *иит* – «жоқ болып кетті», «зым-зия жоғалып кетті» деген мағына берсе, *көнчек* «шалбар» деген ұғымда қолданылады. *Қаба сақал*, *тәркі дүние*, *жек көру* тәрізді тұрақты сөз тіркестерінде ғана кездесетін *қаба*, *тәркі*, *жек* сөздері қолжазбада дербес сөз есебінде кездеседі: *қаба* «қалың», *тәркі* «тез», «шапшаң», «жылдам» *йек* «жекесұрын, жауыз» деген мағынада жұмсалған», - дейді [4, 104]. Әңгіме болып отырған ескерткіш тілін қазіргі қазақ тілімен сабақтас деуге негіз бар. Олардың арасындағы сабақтастық қазіргі тілімізде бір ұғымды білдіретін екі сөзден жасалған жаңа атаулардан көрініс табады. Бұл *Алматы қаласы*, *Балдырған журналы* тіркестерінің құрамындағы сөздердің бірі жалқы есім, бірі жалпы есім. Мұндағы жалқы есім мен жалпы есім бір ғана ұғымның мәнін анықтап тұр. Лексикалық мағынасы бір ғана ұғымды білдіретін сөздер ешбір синтаксистік қатынасқа түсуі мүмкін емес. Мұндағы синтаксистік форма синтаксистік қатынасқа негізделіп тұрған жоқ. Тіркес құрамындағы сөздердің семантикалық ерекшелігіне байланысты сөз бен сөзді байланыстырып, ұғымды нақтылай түсіп, сол ұғымның дәл атауын көрсету үшін қолданылған. Сондықтан мұндай тіркестерді атаулық тіркестер деп танымыз... Орхон-Енисей ескерткіштері тіліндегі *Тоникүк атлығ сүсі* (Күлі Чор ескерткіші), *Табғач атлығ сүсі* (Могилян ескерткіші), орта ғасыр ескерткіштері

тіліндегі *Мәскеу атлығ шаһар, Борис атлығ хан* тіркестері атаулық тіркестердің бұрыннан келе жатқан құбылыс екенін айқындайды» деген тұжырыммен дәлелденеді [6,101].

Демек, бір ұғымды білдіретін сөздердің қатысы арқылы жасалған атаулардың *сөзжасамдық моделін* айқындап, оның бастау көзін жазба ескерткіштер тілімен байланыстыруға негіз бар.

Қорытынды. Көне және орта түркі жазба ескерткіштер тіліндегі тілдік деректер мен грамматикалық көрсеткіштер қазіргі қазақ сөзі мен тілінің тарихи тамырын анықтауға арқау бола алады. Оған Ф.Мұсабаевтың «етістіктің келер шағы көне түркі тілінде -дүр тұлғасында қолданылған. Бұл форма тек қана XII ғасырда өмір сүрген Хожа Ахметте емес, Абай Құнанбаевтың *Ақыл мен хауас барлығы, Білмейдүр жүрек, сезедүр. Мүтәкәллімин, маникин, Бекер босқа өведүр* – деп жазған өлеңінде де кездеседі. Осындағы -дүр етістіктің келер шағын білдіретін жұрнақ болса, оның арғы тегі *түр* деген толық мағыналы сөз, етістіктің түбірі. Мұның о бастағы мағынасы алыстап, формасы өзгере келе -ды, -ді,-ты, -ті етістіктің өткен шақ көрсеткіші болған. Тілдегі тұлғалардың қалыптасуының ұзақ процесс екеніне бұл да бір айғақ» деген [1, 97] тұжырымын басшылыққа аламыз. «Жиырмамыншы ғасырға дейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті» деген Ахмет Батұрсынұлының сөзімен ойымызды түйіндей келе, көне дәуір ескерткіштерінен бастап бүгінгі күнге дейінгі жазба мұраларымыздағы тарихи-лингвистикалық факторлар «қазақ» сөзінің тарихи негізі мен терминдік мәнін айқындауға арқау бола алады деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мұсабаев Ф. *Үйсін туралы пікірлер // Қазақ тарихынан. Алматы, «Жалын» баспасы, 1996. - 28,56 б.т.*
- 2 Салғараұлы Қ. *Хандар кестесі. Алматы, «Жалын» баспасы, -1992 – 48 бб.*
- 3 Бичурин Н.Я. *собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М - Л.: Изд-во Акад. наук СССР, 1950. - 471 с. 1 Том.*
- 4 Құрышжанұлы Ә. *Тіл тарихы жайында ойлар. Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы-2006, - 182 б.*
- 5 Малов С.Е. *К истории казахского языка. «Известия АН СССР» отделения литературы и языка. VIII серия. № 3. 1941 - 98 с.*
- 6 Ильясова Н.А. *Қазіргі қазақ тіліндегі атаулық тіркестер: қалыптасуы мен даму үрдісі. Филол. ғыл. канд. диссерт. Алматы, 2003. - 122 б.*

References:

1. Mūsabaev Ğ. *Üysin turaly pikirler // Qazaq tarihyнан. Almaty, «Jalyn» baspasy, 1996. - 28,56 b.t.*
2. Salğaraūly Q. *Handar kestesi. Almaty, «Jalyn» baspasy, -1992 – 48 bb.*
3. Bichurin N.Īa. *sobranie svedeni o narodah, obitavshih v Srednei Azii v drevnie vremena. M - L.: İzd-vo Akad. nauk SSSR, 1950. - 471 s. 1 Tom.*
4. Qūryshjanūly Ä. *Til tarihy jaiynnda oilar. Ğylymi makalalar jinağy. Almaty-2006, - 182 b.*
5. Malov S.E. *K istorii kazahskogo iazyka. «İzvestia AN SSSR» otdelenia literatury i iazyka. ÜIII seria. № 3. 1941 - 98 s.*
6. İläsova N.A. *Qazairgi qazaq tilindegi ataulyq turkester: qalyptasuy men damu ürdisi. Filol. ğyl. kand. disert. Almaty, 2003. - 122 b.*

МРНТИ 16.01

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.18>

Қасенов Е.С.¹

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

АМАНХАН ӘЛІМ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада ақын Аманхан Әлім поэзиясындағы тұрақты сөз тіркестерінің қолданылу ерекшелігі қарастырылған. Ақын қолданысындағы фразеологизмдердің ақынның өзіне ғана тән шеберлікпен қолданылғандығы және олардың ұлт танымымен байланысы сөз болған. Ақын Аманхан Әлім поэзиясындағы фразеологизмдерден ақынның дүниеге көзқарасы мен өмірлік тәжірибелерінің бір көрінісі анық байқалатыны сөз етілген. Ақын өлеңдеріндегі фразеологиялық бірліктер бүтін бір ұлттың дүниеге деген көзқарасы, айнала қоршаған ортаға қарым-қатынасы, сондай-ақ халық даналығынан жинақталғандығы да мақалада көрініс тапқан. Сонымен қатар Аманхан Әлім поэзиясындағы фразеологизмдерді зерделеу өлең мәтініндегі тұрақты тіркестердің ерекшелігін тануға мүмкіндік беретіндігі нақтылы мысалдармен берілген. Аманхан Әлім поэзиясындағы тұрақты сөз тіркестері тілдік бірліктердің қарапайым тізбегі емес, ұлт тілінің көркемдігін айшықтау құралы екендігі де дәлелденген. Жалпыхалықтық фразеологизмдер құрамындағы тілдік бірліктердің өзге бірліктермен алмастырыла қолданылуы, ақын поэзиясының эмоционалды бояуын арттырып, қазақ тілінің ұлттық қазынасына үлес болып қосылатындығы сипатталған. Ақын